

**Балқаш ауданы әкімінің 2022 жылғы 11 мамырдағы № 05-01 "Балқаш ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің күші жою туралы**

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 05-01 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 мамырда № 6120-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Балқаш ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Балқаш ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" Балқаш ауданы әкімінің 2022 жылғы 11 мамырдағы № 05-01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28003 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Балқаш ауданының әкімі*

*А. Кутпанбетов*